

Тренинг-жаттығу
«Педагогтің кәсіби іс- әрекетіндегі педагогикалық әдеп»

«Педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп»

Мақсаты: Педагогтардың ұжымдық сыйластық, бір – біріне сенім арту, бірлесіп жұмыс жасауға баулу, көңіл – күйлерін көтеру.

Қажетті құрал – жабдықтар: ақ парак, қаламсап, интерактивті тақта, таратпа қағаздар.

Жоспар:

Кіріспе

Негізгі бөлім

1. Педагогтің педагогикалық кәсіби мәдениеті

2. Педагогтің әдеп кодексі

3. Жағдаяттар

4. «Туған күн» ойыны

5. Релаксация жаттығуы

Қорытынды

«Майшам» жаттығуы.

1. Педагогтің педагогикалық кәсіби мәдениеті

Қазіргі замандағы мұғалімнің коммуникативтік мәдениеті ол ізгілендіру бағытындағы жеке-дара және күрделі әлеуметтік жүйе. Педагогтің коммуникативтік мәдениеті - бұл оның кәсіби қызметі мен міндетінде, әлеуметтік- педагогикалық іс-әрекетінде жеке дара шығармашылық пен ізгілендіру бағытындағы көрінісі. Атап айтқанда ойлау, бірлескен іс-әрекет, сөйлеу мәдениеті, өзара қарым-қатынас мәдениеті, педагогтың коммуникативтік қарым-қатынасының нәтижесі т.б. Педагогтің мәдени қарым-қатынасы: этикалық, шыншылдық, шынайы және сенімділік қарым-қатынасы, адамға деген сенім, балаға деген махаббат пен сыйластық, бірлескен іс-әрекет атқаруға қабілеті, ұжыммен жұмыс істей білуі, оқушының ата-анасымен дұрыс қарым-қатынас жасай алуы. Кәсіби компоненті: таңдаған мамандығына деген тұрақты қызығушылығы, оқу- тәрбиелеудегі әдіс-тәсілді дұрыс қолдана алуы, баланың психологиясын білуі, өз пәнін жетік білуі, эрудиция, дауыс пен ым және базасының болуы.

Педагогтің мәдениеті.

1. Үнемі жылы шырай таныту: Педагогтің әрбір сөзі оның көңіл күйін білдіреді. Педагогтің жылы шырай танытуы оның сөйлеген сөзінен, дауыс ырғағынан, қимыл –қозғалысынан көрінеді. Балалар туралы айтқан әрбір сөзі оған деген көзқарасын білдіреді. *2. Үнемі мадақтап отыру:* Баланы үнемі мақтап, оның әрбір іс -әрекетіне көңіл бөлу, баланың рухани өсуіне жақсы әсер етеді. Бала өзіне сеніп тапсырылған әрбір іске сеніммен кірісіп өзінің қабілетін толық ашуға ұмтылады. Үлкендер қолдап отырғанда балалар өздерінің біліктерін бұрынғыданда табысты іске асырады. Мақтау балаға қанат бітіріп қабілеті мен мүмкіншілігін арт тырады. Мақтау балаға білім беру мінезін тәрбиелеу жолындағы ең маңызды кілт болып саналады. *3. Оқытумен тәрбиелеу үрдісі:* Білім берудегі негізгі мақсат балаларды зерделі де, өнегелі адам болып өсуіне тәрбиелеу. Біліммен қатар

оларға адамгершілік негіздерімен өнегелі өмір принциптерін бағалап, өздері таңдауына жол беру керек. Балаларды өз ойларын, өз пікірлерін, өз сезімдерін дәл айтып беруге үйрету қажет. Сонда ғана олар басқалардың көңіл күйін бөлісе алады. Өзіне сенімді, өз сезімдерін шын айта алады, дұрыс пікірлерін айтып басқаларға көмектесе алады.

2. Педагогтің әдеп кодексі.

Педагогикалық әдеп/ этика – этика ғылымының өзіндік тарауы болып табылады және педагогикалық мораль ерекшелігін зерттейді, педагогикалық еңбек саласындағы жалпы адамгершілік ұстанымдарын жүзеге асыру өзгешелігін анықтайды. Педагогикалық этика педагогикалық мораль мен моральдік құндылықтардың негізгі санаттарының түпкілікті мәнін қарастырады. Адамдардың адамгершілік қасиеттері мен мінез –құлқына, іс қимылына және өмірлік алуан түрлі құбылыстарға т.с.с. өзіндік баға беретін мейірімділік пен зұлымдық, адалдық пен ар-намыс туралы түсініктер жүйесін моральдік құндылықтар деп атауға болады. Педагогикалық қызметте моральдік түсініктердің негізгі түрлерінің бәрі қолданылады, дегенмен, педагогикалық қызмет пен қарым-қатынас тәрізді түсініктер этиканың жеке дара тарауына қатысты педагогикалық түйсіну тәрізді жекелеген түсініктерді бөле –жара көрсетеді. Осындай санаттың ішінде кәсіби – педагогикалық борыш, педагогикалық әділдік, педагогикалық ар-намыс және педагогикалық бедел бар. **Әділдік дегеніміз** – жалпы алғанда, адамдардың адамгершілік қасиеті мен олардың қоғамдық танымал болуы, құқықтары мен міндеттері арасындағы өзара сәйкестілік деуге болады; педагогикалық әділдіктің : мұғалімнің оқушылармен қарым – қатынасы барысында олардың тәртібін, қылығын, оқуға деген көзқарас – құлшынысын, адамгершілік тәрбиелілік деңгейін деңгейін анықтау мен бағалау барысындағы мұғалімнің объективтілігі мен оның адамгершілігіне өзіндік баға беретін ерекше сипаты болады. **Кәсіби ар-намыс** – бұл педагогикада мұғалімнің өз маңыздылығын түсініп қана қою емес, сонымен қатар оның қоғаммен танылуы және моральдік сипаты мен сіңірген еңбегіне деген қоғамның құрметі деген түсінікті білдіреді. Педагог мамандығында жеке бастың ар-намысы мен қасиетін түсіну сезімі ерекше байқалып тұрады. Егер мұғалім өз мінез – құлқында және тұлғалармен ара –қатынас барысында педагог идеалына қойылатын талаптарды бұзған болса, осыған сәйкес кәсіби ар-намысқа, педагогтың адамгершілік сипатына немқұрайлы қарау әрекеті демонстрацияланады. Мұғалімнің ар-намысы – оның кәсіби борышын орындау барысында көрінетін нақты кәсіби ар-намысына қоғамдық баға беру. **Кәсіби педагогикалық борыш** – педагогикалық әдептің ең маңызды санаттарының бірі. Өзінің еңбегіне деген шығармашыл көзқарас, өз-өзіне қатаң талап қою, кәсіби білім-білігі мен педагогикалық шеберлігін арттыруға деген құлшыныс, оқушыға , оның ата-анасына деген құрмет көрсету және талап қою қажеттілігі, мектеп өмірінде кездесетін қиын да, күрделі шиеленістерді шеше білу тәрізді өзгеше іс –қимыл педагогтың кәсіби борышына жатады. **Педагогтің педагогикалық беделі**- оның оқушылар мен мұғалімдер және әріптестер ұжымындағы моральдік статусы , бұл құрмет пен

қошаметке ие болып жүрген беделді де, құрметті ұстаздың тәрбиеленушілердің тәртібі мен нанымдарына әсер ететін өзіндік тәртіп түрі. Педагогикалық бедел мұғалімнің осыған дейінгі алған моральдік-этикалық және психологиялық-педагогикалық даярлығына байланысты. Оның деңгейі білімнің, зеректіктің, шеберліктің тереңдігімен және өз еңбегіне деген ерекше қатынасымен т.б. анықталады.

Кәсіби әдеп сипаты келесі жағдайда көрінеді:

3. Жағдаяттар.

Мақсаты: Педагогтің педагогикалық – психологиялық жағдаяттан шығу шеберлігін анықтау.

4. «Туған күн» ойыны

Мақсаты: Педагогтар ортасында қарым - қатынастың кейбір жағымсыз формаларын көрсету, олардың педагогикалық шеберліктерін дамыту коммуникативті іскерліктерін қалыптастыру және т.б.

Ойынның алдында жүргізуші әр қайсысына билет береді. Онда өзін қалай ұстау керектігі жайында көрсетілген, яғни қатысушылар билетте жазылған рөлде ойнауы тиіс. Билет ойынның соңына дейін құпия сақталады, тек талқылау кезінде ғана кімге не істеу керектігін айтуға болады. Егер ойынға 15-тен адам қатысса, 2 адам бір билеттен ұсынуға болады.

Билеттегі тапсырмалар:

1. Туған күн иесі - барлық қонақтарды әңгімеге тартуға тырысады. 2. Білгішсымақ - кез-келген әңгімеге қыстырылуға тырысады. 3. Таласқыш - бәрімен ерегесіп, таласады. 4. Келісімге келтіруші - кикілжіңді басуға ұмтылады. 5. Бәріне және барлығына көңілді толмайтын адам. 6. Асаба - туған күн иесіне көмекші. 7. Қызық мінезді адам - кез-келген әңгімені басқа арнаға бұруға тырысады. 8. Әдепсіз адам – дөрекі, әдепсіз қылықтар көрсетеді.

5.Релаксация жаттығуы

Мақсаты: Педагогтарда жағымды эмоция тудыру, шаршауды басу.Сұрақтар арқылы мұғалімнің өзіне және айналадағы адамдарға сенімділігін, өмірге деген көзқарасын анықтау.

Ұйымдастыру: Көздерімізді жұмамыз, денемізді бос ұстаймыз. Терең дем аламыз. Көз алдарыңа қиялдап елестетіп,естеріңде сақтандар.

Жүргізілуі:

Мен сендерді орманға серуенге шақырамын. Сен орман ішімен келе жатырсың. Ол қандай орман? Ауа-райы қандай: күн шуағы көріне ма әлде бұлыңғыр ма? Онда қандай ағаштар өседі? Ағаштар жақын орналасқан ба? Саған бұл орман ұнайды ма?

Кенеттен сен шөпте бір жылтырлаған зат көрдің. Иіліп қарасаң-кілт екен. Ол қандай кілт? Оны көтеріп аласың ба әлде қасынан өтіп кетесің ба? Сен кілт тапқаныңа қуандың ба?

Бір кезде сен аюды көрдің. Ол қандай аю және ол не істеп жүр? Аюдың саған қарым-қатынасы қалай? Сенің оған ше?

Алдында бұлақ бар. Сен одан су ішіп, қолыңды жуасың ба?

Сен ары қарай жүріп келесің. Келе жатып шарбаққа тірелдің. Шарбақтың биіктігі қандай? Қандай материалдан жасалған?

Сен бұл шарбақтан өтуің қажет. Оны қалай өтесің? Саған оны өту қиын ба?

Сен ары қарай жүріп келе жатып, ін көрдің. Ол кішкентай ма әлде үлкен ба?

Сен оның ішін қарайсың ба? Оның ішінде қандай жануар жатқаны саған қызық па?

Бір кезде сенің қасыңа ергежейлі келді. Ол сенің көңіліңді өзіне аудару үшін, сенің аяғыңа оратылып жүр. Сен одан қандай сезімдесің? Ашулысың ба? Әлде аяушылықпен қарап тұрсың ба? Ол қоймай сенің мазанды алды-сен не істейсің?

Сен өзен жағасына келдің. Өзеннің суы, ағысы, тереңдігі қандай? Түбінде тастар бар ма? Өзенді қалай кешіп өтесің? Өзеннің арғы жағына шығып, үйді көрдің. Ол қандай?

Мен сені қуантайын. Бұл-сенің үйің. Есігінде – сенің үйің екендігін растайтын тақтайша бар. Ол тақтайшада не жазылған? Сен есікті ашып, үйге кірдің. Жан-жағыңа назар аудар. Саған үй ұнады ма? Үйдің іші жинаулы ма әлде шашылып жатыр ма? Қандай бөлмелер бар? Енді жертөлеге (подвал) түс. Не көрдің? Іші қандай және не нәрселер бар? Саған іші ұнайды ма және ішінде қалғың келеді ма? Енді жоғарыдағы түп бөлмеге бар (чердак). Іші қандай және не нәрселер бар? Іші ұнайды ма?

Сен үйден шықтың. Ары қарай жүріп келесің. Сәл жүріп келіп, теңізді көрдің. Теңіз толқынды ма әлде тыныш па?

Теңіз үстінде шағалалар ұшып жүр. Төменде ұшып жүр ма әлде жоғарыда ма? Саған жақын ба әлде алыс па? Дауыстары естіледі ма? Саған олар ұнайды ма?

Кемені көрдің. Жағаға жақын ба? Сен оған жете аласың ба? Кемеге барғың келеді ма?

Жәймен көзімізді ашып, сыныпқа ораламыз.

Көңіл-күйлерің қалай? Демалдыңдар ма?

Мұғалімдер өз ойларын айтып, жаттығу талданады.

Қорытынды. «Майшам» жаттығуы. Қазір мен майшамды жағамын. Барлығымыз бір-бірімізбен бірігіп, жұмыс жасағанымыз үшін бір-бір жылы сөз айтып, майшамды беріп отырамыз. Қоштасуға майшамды алғанымыз, жарық деген жақсы нәрсе, сондықтан да алдарыңыз ашық, жарқын болсын деген тілекпен, бүгінгі тренингімізді аяқтаймыз. Қатысқандарыңызға Рахмет!